



1997 жылғы 20 ақпандағы Қазақстан Республикасы мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, банктердің және басқа да қаржы мекемелерінің және "Deutsche Morgan Grenfell & Co. Limited" компаниясының арасындағы несиелік келісім бойынша ұсынылған несие бойынша сыйақы (мүдде) төлемінің бір бөлігін өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 23 маусымдағы N 590

1997 жылғы 20 ақпандағы Қазақстан Республикасы мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, банктердің және басқа да қаржы мекемелерінің және "Deutsche Morgan Grenfell & Co. Limited" компаниясының арасындағы

;несиелік келісім бойынша Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындау және дефолттар фактісіне жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жоғарыда аталған келісімге сәйкес "Deutsche Morgan Grenfell & Co. Limited"

;компаниясы шоттарының негізінде 1998 жылдың 22 маусымында төленуге тиісті несие бойынша сыйақыны (мүддені) 1998 жылға арналған республикалық бюджетте "Өтеу шегерілген несиелендіру" бөлімі бойынша көзделген қаражаттан 1 175 000, 00 (бір миллион бір жүз жетпіс бес

мың) АҚШ доллары мөлшерінде төлесін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасымен алынған қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету жөнінде келісім жасассын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК